

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2004 ж. « 10 » маусым ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
ЖҮРГІЗІЛДІ № 3858-1900-Ақ(шқ) куәлік
Алғашқы тіркелген күні
1998 ж. « 12 » мамыр


Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
2006 ж. « 12 » мамыр Жарғыға
2004 ж. « 10 » маусым № 3858-1900-Ақ(шқ) куәлік
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді


Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
2007 ж. « 24 » шілде Жарғыға
2004 ж. « 10 » маусым № 3858-1900-Ақ(шқ) куәлік
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

Қазақстан Республикасының
Қаржылық нарықты және
Қаржылық ұйымдарды
Қадағалау мен реттеу бойынша

Агенттігімен
КЕЛІСІЛГЕН

Төрағаның орынбасары



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ**
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2004 ж. « 10 » маусым ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 980540003832
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. « 12 » мамыр

«Ситибанк Қазақстан»
Акционерлік Қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Дара акционердің
Шешімімен
Бекітілген
14 мамыр 2007 ж.

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

1.бап.
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Банктің толық атауы:

Орыс тілінде: Акционерное Общество «Ситибанк Казахстан»

Қазақ тілінде: «Ситибанк Қазақстан» Акционерлік қоғамы

Ағылшын тілінде: Joint-Stock Company «Citibank Kazakhstan»

Банктің қысқарған атауы:

Орыс тілінде: АО «Ситибанк Казахстан»

Қазақ тілінде: «Ситибанк Қазақстан» АҚ

Ағылшын тілінде: JSC «Citibank Kazakhstan»

1.2 Банктің және атқару органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы, Қазыбек Би 41, Парк Палас “А” ғимараты

1.3 Банк қызметтің шектелмеген мерзіміне құрылған.

1.4 Аталмыш Жарғы 1999 жылғы 10 қыркүйектегі, 1997 жылғы 14 қарашадағы және 2004 жылғы 2 сәуірдегі, сонымен қатар 2005 жылғы 17 қазанда Жарғыға енгізілген өзгерістерді, Құрылтайшылардың жиналысымен бекітілген жарғыларды алмастырады және олардың кез-келген ережелерін қайта қарайды, түзетеді және ауыстырады.

2. бап.
БАНКТИҢ ЗАНДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1 «Ситибанк Қазақстан» АҚ (ары қарай - “Банк”) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес құрылған және кзінің қызметін атқаратын акционерлік қоғам формасындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады.

2.2 Банк Қазақстан Республикасының бірыңғай банктік жүйесіне еніп, шетелдік қатысуы бар екінші деңгейлі еншілес банк болып табылады.

2.3 Банк заңды тұлғаның құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ие болады.

2.4 Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алым салынуы мүмкін, өзіне тиселі барлық мүліктерге өз міндеттемелері бойынша жауапты.

- 2.5 Мемлекет Банк міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ Банктің мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 2.6 Банк акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиісті акциялардың құнының шегінде, Банк қызметімен байланысты тәуекел шығындарын көтереді.

3. бап.

БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

- 3.1 Банк қаржылық ұйымдар мен қаржылық нарықты реттеу және қадағалау жөіндегі үкілетті органның (ары қарай - Үкілетті орган) лицензиясына ие болған кезде Қазақстан Республикасының заңдарымен ескерілген банк және басқа операцияларының түрлерін жүзеге асырады.
- 3.2 Банк өзінің қызметін оның операциялар жүргізудің жалпы шарттарын анықтайтын ережелерге, сонымен қатар Банктің ішкі ережелеріне сәйкес атқарады.
- 3.3 Директорлар кеңесі қолдаған операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелері (“**Ережелер**”) келесілерді анықтауы тиіс :
- 1) қабылданатын депозиттер мен берілетін кредиттердің сомалары мен мерзімдері;
 - 2) Депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақыларды мөлшерлемелерінің шекті көлемі;
 - 3) Депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы төлеу шарттары;
 - 4) Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар;
 - 5) банктік операцияларды өткізудің мөлшерлемелері мен тарифтері;
 - 6) Банк және оның клиентінің құқықтары мен міндеттері;
 - 7) операцияларды өткізудің жалпы шарттарына қатысты басқа да шарттар, талаптар және шектеулер.
- 3.4 Банктің ішкі ережелері (“**Ішкі ережелер**”) келесілерді анықтауы керек:
- 1) Банктің бөлімшелерінің құрылымы, міндеттері, қызметтері, және өкілеттері;
 - 2) кредиттік комитет пен ұдайы қызмет істейтін органдардың құрылымы, міндеттері мен қызметтері;
 - 3) құрылымдық бөлімшелердің басшыларының құқықтары мен міндеттері;
 - 4) Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің олардың Банктің есебінен мәміле жасасу барысындағы өкілеттері.

4. бап.

БАНК ҚҰҚЫҒЫ

- 4.1 Банктің Қазақстан Республикасының банктерге қатысты қарастырылған барлық құқықтарға, сонымен қатар Банктің Қазақстан Республикасының банктерге қатысты қарастырылған заңнамасына қайшы келмейтін және онымен тиым салынбаған барлық құқықтарына ие болады.
- 4.2 Банк Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасында бекітілген тәртіпте және шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында да, әрі шет елдерде де филиалдар мен өкілдіктер, еншілес кәсіпорындар құруға хақылы.
- 4.3 Банк Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасында бекітілген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатыса алады.
- 4.4 Банктің Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасында бекітілген шектеулерді ескере отырып, бағалы қағаздар шығаруға, оның ішінде конвертацияланатын бағалы қағаздар шығаруға құқығы бар болып табылады.

5. бап. БАНКТІҢ МҮЛКІ

- 5.1 Банк жекеменшік түрде құрылып, оған акционер берген мүліктің (Жарғылық капиталға акцияларды сатып алу мақсатында енгізілген ақшамен, шектеусіз қоса), қызметтен алынған кірістер, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған басқа да кез-келген мүлік немесе құқықтарға иелік етеді.
- 5.2 Банктің мүлкі негізгі қорлардан, айналымдағы қаржыдан, сонымен қатар Банк балансында көрініс тапқан басқа да активтерден құралған.
- 5.3 Банктің кредиттік қорлары Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған қайнар-көздерден қалыптасады, сонымен қоса, бірақ шектелмей:
 - 1) жекеменшік қаржы (сатып алынған негізгі қорлардың құнын алып тастағанда);
 - 2) Банктің есепшотында бар депозиттерді, вексельдерді және т.б. заңды тұлғалардың құралдары;
 - 3) белгілі бір мерзімге және талап етуге шақырылатын жеке тұлғалардың депозиттері;
 - 4) басқа да қаржы институттарынан алынған заемдар мен құралдар.

6. бап. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

- 6.1 Банктің жарғылық капиталы (“Жарғылық Капитал”) атамашпен толық қалыптастырылған және төленген.
- 6.2 Жарғылық Капиталдың мөлшері осы Жарғының ережелеріне сәйкес Акционердің шемімі бойынша ұлғайтыла мүмкін.

7. бап.

ҚОСЫМША ҚОРЛАР

- 7.1 Банк келесі қосымша қорларды құрады (“Қорлар”):
- 7.1.1 Резервтік Капитал (“Резервтік Капитал”), Жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеуге дейінгі Банктің таза кірісінің есебінен құралады. Резервтік Капитал өкілетті орган бекіткен минималды мөлшерден аз болмауы тиіс. Резервтік Капитал Банктің банк қызметтеріне жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да мақсаттарда пайдаланылады;
 - 7.1.2 Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Банк үшін қажетті немесе міндетті қорлар;
 - 7.1.3 Құрылуын Акционер қажетті деп тапқан басқа да қорлар.
- 7.2 Қорларға аударылатын аударымдардың мөлшері мен мерзімділігін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционер анықтайды.
- 7.3 Қорлардың қаржысын пайдалану тәртібі тиісті қор қаржысын пайдалану туралы Акционердің шешімін қабылдаудан және Басқарманың осындай шешімді орындауынан тұрады.
- 7.4 Қорлардың қаржысы Акционердің өзге шешімі қабылданып және ол шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеген жағдайда оларды құру барысында қарастырылған мақсаттарға пайдаланылады.

8. бап. АКЦИЯЛАР

- 8.1 Жарғылық Капитал жай атаулы акциялардан құрылған, ерекшелдірілген акциялар осы Жарғымен қарастырылмаған.
- 8.2 Жай Акция акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған құқықтар береді.
- 8.3 Банкте шығарылған Акциялардың саны мен түрі туралы ақпараты бар Банк акцияларын ұстаушылардың тізімін, акционер туралы ақпарат және басқа да ақпаратты қалыптастыру, жүргізу мен сақтау және басқа да ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз тіркеушімен жүзеге асырылады.

9. бап. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 9.1 Акционердің осы Жарғының 9.2. және 9.3. Баптарында қарастырылған құқықтары мен міндеттері, сонымен қоса, бірақ шектелмей Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған құқықтар мен міндеттерге ие болады.

- 9.2 Акционердің келесі құқықтары бар:
- 9.2.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен және осы жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
 - 9.2.2. дивидендтер алуға;
 - 9.2.3. қабылдаған шешімдерін сот тәртібінде даулауға;
 - 9.2.4. Тіркеушіден немесе номинал ұстаушыдан бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алуға;
 - 9.2.5. Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, сондай-ақ осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Банктің қаржы есебімен танысуға;
 - 9.2.6. Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраулар жіберуге және Банк сұрау алған күннен бастап отыз күннің ішінде оларға дәлелді жауаптар алуға;
 - 9.2.7. Банк тараған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға.
 - 9.2.8. Қоғам акцияларын немесе заңмен белгіленген тәртіпте акцияларға айырбасталатын Қоғамның басқа бағалы қағаздарын артықшылық сатып алу құқығына;
 - 9.2.9. Акционерлерлік қоғамның акционері құқығына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды пайдалануы мүмкін.
- 9.3. Акционерлер міндетті:
- 9.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес акцияларды төлеуге;
 - 9.3.2. Банк акцияларын ұстаушылар реестріне енгізілуі керек мәліметтердің өз акцияларына қатысты өзгергендігін тіркеушіге және номиналды ұстаушыға 10 күннің ішінде хабарлауға;
 - 9.3.3. Банк және оның қызметі туралы заң бойынша коммерциялық және банктік құпия болып табылатын ақпаратты таратпауға.

10. бап.
БАНКТІҢ ОРГАНДАРЫ

- 10.1 Банктің органдары келесілер болып табылады:
- 10.1.1 Акционер – Банктің жоғарғы органы;
 - 10.1.2 Директорлар кеңесі – басқару органы;
 - 10.1.3. Банк басқармасы – Банктің атқару органы;

- 10.2 Банктегі Акционердің шешімімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің басқа да органдары құрылуы мүмкін.

11. бап. АКЦИОНЕР

- 11.1 Банк дара акционері бар акционерлік қоғам болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасының 13 мамыры 2003 жылғы № 415-2, «Акционерлік қоғамдар туралы» 35 бабының 4 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Жалпы жиналыстардың құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша шешімді дара акционер – бас банк жеке түрде қабылдап, жазбаша түрде ресімдейді.
- 11.2 Акционер Банктің Жоғарғы органының өкілеттерін өзінің тиісті түрде Банктің жоғарғы органы ретіндегі Акционердің атынан Банктің шешімдерін қабылдауға өкілеттенген өзінің өкілетті органдары немесе басқа да тұлғалар арқылы қабылдайды;

12. бап. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

- 12.1. Банк жарғысында бекітілген шекте Акционердің ерекше құзыретіне келесілер жатады:
- 1) Банктің осы Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа мәтінде бекіту;
 - 2) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 3) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 4) Банктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілетті мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу көлемі мен шарттарын анықтау;
 - 6) жылдық қаржылық есептемені бекіту;
 - 7) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Банктің акцияларды сатып алуы кезіндегі олардың құнын анықтау әдістемелерін бекіту;
 - 8) есептік қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Банктің жай бір акциясына шаққандағы дивидендтерінің мөлшерін бекіту;
 - 9) АҚ туралы Заңның тармағымен қарастырылған жағдайлар туындаған кезде Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 10) акционерлердің жалпы жиналыстарын шақырту туралы Банктің акционерлерді хабардар ету нысанын анықтау және осындай ақпараттарды баспа басылымдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 11) Банкке тиесілі активтердің барлығының жиырма бес және одан да артық пайызын құрайтын сомада активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуға Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналыстарының ерекше құзыреттеріне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 12.2 Акционерлердің жалпы жиналыстарының ерекше құзыреттеріне жатқызылған өзге де мәселелер жатқызылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналыстарының ерекше құзыреттеріне жатқызылған өзге де мәселелер Директорлар кеңесінің және/немесе Банк басқармасының құзыретіне беріле алмайды.

13. бап.
Директорлар кеңесі.

13.1 Директорлар кеңесі Жарғы бойынша Акционердің ереше құзыретіне жатқызылғандардан басқа, Банктің қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады.

13.2 Директорлар кеңесінің құрамы.

13.2.1 Директорлар кеңесі дара қатысушы тағайындайтын 3 (үш) мүшеден тұрады. Директорлардың біреуі Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыратын Директорлар кеңесінің төрағасы («Кеңес төрағасы») болып табылады. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жалпы саны дауыстарының жай көпшілігімен сайланады. Директорлар кеңесінің төрағасының өкілеттік мерзімі Акционердің шешімімен анықталады.

13.3 Директорлар кеңесінің отырыстары мен Кворум.

13.3.1 Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілік туындаған жағдайда, сонымен қатар Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің, Банктің ішкі аудитінің, Банктің ішкі аудит қызметін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, дара Акционердің талабы бойынша ұйымдастырылады. Директорлар кеңесінің төрағасы кеңестің отырыстарын жүргізеді.

13.3.2 Директорлар кеңесінің отырыстары онда жеке түрде сайлаған Директорлардың кем дегенде алпыс пайызы (60%) болған кезде заңды болып есептеледі.

13.3.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған шекте Директорлар кеңесінің отырыстары конференц-байланысы бар телефон немесе соған ұқсас жабдықтаманың көмегімен отырысқа қатысқан Директорлардың барлығы бірін-бірі еститіндей өткізілсе, мұндай отырыс отырыста жеке түрде қатысқан болып саналады. Осы жарғының алдыңғы бабында берілген кворумға қатысты талаптар осындай отырысқа қолданылады. Мұндай отырыстың хаттамасы осы жарғының 13.3.4 бабына сәйкес жүргізіледі.

13.3.4 Хатшы Директорлар кеңесінің отырыстарының барлық хаттамаларын дайындайды. Хаттамалар хаттамалар кәтабында сақталып, Акционердің тексерісі үшін ашық болып табылады.

13.4 Дауыс беру.

13.4.1 Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлардың даусының жай көпшілігімен қабылданады. Егер дауыстар қандай да бір Кеңес шешімі бойынша қажет болса, Кеңес төрағасының даусы шешуші болып табылады.

13.4.2 Директорлар кеңесінің отырыстарының әрбір мүшесінің Директорлар кеңесінің отырыстарында бір даусы болады.

13.4 Директорлар кеңесінің құзыреті.

13.4.1. Директорлар кеңесінің ерекше құзыреттеріне мына мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің негізгі бағыттарын анықтау;
- 2) Банктің акцияларды орналастыру (сату) туралы және оларды жарияланған орналастырылған (сатылған) акциялар санының шегінде орналастыру (сату) бағасы мен әдісі туралы шешім қабылдау;
- 3) Банктің орналастырылған акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің жылдық қаржылық есептемесін алдын-ала бекіту;
- 5) Банктің облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;
- 6) Басқарма Төрағасы мен оның мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттер мерзімін белгілеу, оның басшысының және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерлерін, еңбекақы төлеу шарттарын және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 7) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 8) Корпоративтік хатшыны тағайындау және олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерлерін, еңбекақы төлеу шарттарын және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 9) Ірі мәміле мүлкі болып табылатын қоғамға төлем ретінде берілген мүліктің нарықтық бағасын бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;
- 10) Банктің ішкі қызметін үйлестіретін құжаттарды бекіту (Басқармамен Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарын есепке алмағанда), оның ішінде Банктің аукциондар өткізуінің мерзімі мен тәртібін бекітетін және Банктің бағалы қағаздарына жазылуға қатысты ішкі құжаттарды бекіту ;
- 11) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 12) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да астам пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олардың қызметі туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік капиталының мөлшерін он және одан да артық пайызды құрайтын шамаға дейін ұлғайту;
- 14) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда, Банк тіркеушісін сайлау;
- 15) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларны құрайтын мәліметтерді белгілеу;
- 16) ірі мәмілелер және Банк тарапынан жасауға қызығушылық танытылып отырған мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;

14. бап. БАСҚАРМА

14.1 Банк қызметінің ағымдағы басшылығын атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Банктің атқарушы органы болып табылады және осы жарғыда бекітілген өзінің құзыреттерінің шегінде Банкті басқарады. Атқару органы заңнамамен, осы жарғымен Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының өкілетіне жатқызылмаған қоғамның барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы болып табылады. Атқару органы акционерлердің жалпы жиналыстарының және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті болып табылады.

14.2 Басқарманы сайлау

14.2.1 Басқарманың алдыңғы мүшесінің өкілеттерінің мерзімі Басқарманың жаңа мүшесін сайлағалы отырған Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданаған сәттен бастап өтеді.

14.2.2. Басқарманың бір мүшесі Басқарманың төрағасы болып табылады (“**Басқарма төрағасы**”), ол Банктің күнделікті қызметіне жауапты болып табылады. Басқарманың төрағасы, орынбасарлар мен басқарма мүшелері осы лауазымға Директорлар кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте сайланады.

14.2.3 Басқарма өзінің бас бухгалтерін және оның орынбасарын Қазақстан Республикасының заңнамасына тиісті тәртіпте сәйкес келетін тұлғалардың қатарынан және өкілетті органның келісімімен сайланады.

14.3 Басқарма отырыстары мен Кворум

14.3.1 Басқарма отырыстары қажеттілік туындаған жағдайда, сонымен қатар Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің, Банктің ішкі аудитінің, Банктің ішкі аудит қызметін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, дара Акционердің талабы бойынша ұйымдастырылады. Басқарма төрағасы кеңестің отырыстарын жүргізеді.

14.3.2 Басқарманың отырыстары онда жеке түрде сайлаған Басқарма мүшелерінің кем дегенде алпыс пайызы (60%) болған кезде заңды болып есептеледі.

14.3.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған шекте Басқарманың отырыстары конференц-байланысы бар телефон немесе соған ұқсас жабдықтаманың көмегімен отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің барлығы бірін-бірі еститіндей өткізілсе, мұндай отырыс отырыста жеке түрде қатысқан болып саналады. Осы жарғының алдыңғы бабында берілген кворумға қатысты талаптар осындай отырысқа қолданылады. Мұндай отырыстың хаттамасы осы жарғының 13.3.4 бабына сәйкес жүргізіледі.

14.3.4 Хатшы Басқарманың отырыстарының барлық хаттамаларын дайындайды. Хаттамалар хаттамалар кәтабында сақталып, Акционердің тексерісі үшін ашық болып табылады.

14.4 Дауыс беру.

14.4.1 Басқарманың шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің даусының жай көпшілігімен қабылданады. Егер дауыстар қандай да бір Кеңес шешімі бойынша қақ жарылса, Басқарманың төрағасының даусы шешуші болып табылады.

14.4.2 Басқарманың отырыстарының әрбір мүшесінің Басқарманың отырыстарында бір даусы болады.

14.5 Құзыреті

14.3.2 Осы жарғыға сәйкес Акционердің және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылғандардан басқа, Банк қызметіне қатысты барлық мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Өзінің құзыреттерінің шегінде Басқарма Басқарманың жеке мүшелерінің, Директорлар кеңесінің комитеттеріне, сарапшылар тобына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы тиым салмайтын шекте шешім қабылдауға құқылы болып табылатын басшылық мүшелеріне қарауға кез-келген мәселені бере алады.

14.5.2. Басқарманың Төрағасының келесі өкілеттері болады:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) Банктің атынан үшінші тұлғалардың алдында сенімхатсыз әрекет етеді.
- 3) Банктің атынан өкілдік етуге үшінші тұлғаларға сенімхат береді.
- 4) Банктің жұмыскерлерін лауазымға тағайындау, ауыстыру және босату туралы бұйрықтарды шығарады, оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады, тәртіпке қатысты жазаға тартады, Банк жұмыскерлерінің саны мен штатты кестесін бекітеді, еңбекақы төлемінің жүйесін белгілейді, лауазымды жалақылар мен жеке қосымша төлемдерді белгілейді, Басқарма мүшелері мен ішкі аудит қызметінің мүшелерін есепке алмағанда Банк жұмыскерлеріне сыйақы беру сұрақтарын шешеді;
- 5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттемелерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне тапсырады;
- 6) Басқарманың мүшелерінің арасында міндеттемелерді, сонымен қатар өкілеттік және жауапкершілік салаларын бөледі;
- 7) Басқарманың мүшелерінің арасында өкілеттерді ескере отырып жалпы басқару мен жетекшілікті атқарады, Банк қызметін күнделікті менеджментін және бақылауын жүзеге асырады;
- 8) Банктің атынан бір немесе бірнеше банктік (корреспонденттік) есепшот ашу және Банк қызметіне қажет болған жағдайда жабуды жүзеге асырады.

15. бап. ТАБЫСТЫ БӨЛУ

- 15.1 Банк дивидендтерді ақшамен, сондай-ақ акционердің шешімімен Банк шығаратын бағалы қағаздармен төлейді. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген жағдайларда Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге рұқсат берілмейді.
- 15.2 Акционер Акционердің дивиденттер формасында алу үшін таза табыстың бөлігін анықтайды. Акционер алатын дивиденттерінің мөлшерін хабарлайды.
- 15.3 Акционер дивиденттер бойынша төлемді тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, немесе жыл қорытындысы бойынша жариялауға құқылы болып табылады. Жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешімді Банк Акционері қабылдайды.
- 15.4 Акциялар бойынша дивиденттер осындай Акциялар толық төленген жағдайда ғана төленетін болады.
- 15.5 Дивиденттер ақшамен, сондай-ақ акционердің келісімімен Банк шығаратын бағалы қағаздармен төлейді. Дивиденттер Банк орналастырмаған немесе сатып алмаған Акциялар бойынша төленбейді.

- 15.6 Банк Қазақстан Республикасының заңнамасы талап еткен шекте дивиденттер үшін барлық салықтарды есептеп алып қалады.

16 бап.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

16.1. Банктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің қаржы-шаруашылық қызметінің бақылауын жүзеге асыратын, қызметтері заңнамамен анықталатын Банктің директорлар Кеңесімен ішкі аудит қызметі сайлануы мүмкін.

16.2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері директорлар Кеңесінің және Банк Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

16.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Банктің директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

17 бап.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

17.1 Банк басқармасы жыл сайын Директорлар кеңесіне талқылау және бекіту үшін өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін ұсынады. Банктің қаржылық жылы әрбір күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталады.

17.2 Банктің есебі мен есептілігі өкілетті органның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен біріге отырып бекіткен бухгалтерлік, банктік және басқа да есептіліктің бухгалтерлік есеп, тізім және форма, ұсыну мерзімдерінің әдістемесі мен тізіміне сәйкес жүргізіледі. Банк Акционерінің қарауына қарай жазбалар мен есептердің қосымша түрі енгізілуі мүмкін. Банктің жылдық қаржылық есептілігін біржола бекітуді Акционер жүзеге асырады.

17.3 Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Аудитор растағаннан кейін өкілетті органның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен біріге отырып бекіткен формада және мерзімде жылдық есебін, оның ішінде жылдық баланс пен шығындар мен кірістер туралы жылдық есепті жариялайды.

18 бап.

БАНК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

18.1 Банк қызметі келесі жағдайда тоқтатылады:

- 1) Акционердің шешімі бойынша өкілетті органның рұқсаты болғанда (ерікті тарату);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда соттың шешімімен (мәжбүрлеп тарату).

18.2 Тарату ісін Банкті тарату туралы шешім қабылдаған орган тағайындайтын тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

18.3 Тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап оған қызмет тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталатын Банктің істерін жүргізу бойынша өкілеттіктер өтеді.

18.4. Банктің қайта құрылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19 бап.
Ақпаратты ашу

19.1 Акционердің мүдделерін қозғайтын Банк қызметі туралы ақпарат беру Басқарма Төрағасының акционерге жазбаша хабарлама жөнелту жолымен жүзеге асырылады.


19.2 Банк қызметі туралы ақпарат Басқарма құптаған бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде «Курсив» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланады.

19.3 Акционер, Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма мүшелері тоқсан сайын қолданыстағы заңнамаға сәйкес аффилиирленген тұлғалардың тізімін Банкке ұсынып отырады.


Банктің дара Акционерінің атынан және соның тапсырмасы бойынша:

Сенімхат негізінде әрекет ететін

Даниэл Коннелли / Daniel Connolly



СОГЛАСОВАНО
С Агентством
Республики Казахстан
по регулированию и надзору
финансового рынка и
финансовых организаций
Заместитель Председателя



УСТАВ
Акционерного Общества
«Ситибанк Казахстан»

УТВЕРЖДЕН
Решением Единственного
Акционера
От 14 мая 2007 г.

**Статья 1.
ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

1.1 Полное наименование Банка:

На русском языке:	Акционерное Общество «Ситибанк Казахстан»
На казахском языке:	«Ситибанк Казакстан» Акционерлік Қоғамы
На английском языке:	Joint-Stock Company «Citibank Kazakhstan»

Сокращенное наименование Банка:

На русском языке:	АО «Ситибанк Казахстан»
На казахском языке:	АҚ «Ситибанк Қазакстан»
На английском языке:	JSC «Citibank Kazakhstan»

1.2 Место нахождения Банка и его исполнительного органа: Республика Казахстан, 050010, Алматы, ул. Казыбек Би 41, Парк Палас Здание "А"

1.3 Банк учрежден на неограниченный срок деятельности.

1.4 Настоящий Устав заменяет уставы, утверждённые Собранием Учредителей от 14 ноября 1997 г., от 10 сентября 1999 г. и от 2 апреля 2004 года, а так же изменения в Устав утверждённые Собранием Учредителей от 17 октября 2005 года и пересматривает, исправляет и заменяет любые их положения.

**Статья 2.
ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС БАНКА**

- 2.1 АО «Ситибанк Казахстан» (далее - «Банк») является юридическим лицом согласно законодательству Республики Казахстан в форме акционерного общества, созданным и осуществляющим свою деятельность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахста, а также настоящим Уставом.
- 2.2 Банк является дочерним банком второго уровня с иностранным участием и входит в единую банковскую систему Республики Казахстан.
- 2.3 Банк приобрел права юридического лица с момента его государственной регистрации в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 2.4 Банк несет ответственность по своим обязательствам только в пределах своего имущества, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 2.5 Государство не несет ответственности по обязательствам Банка, как и Банк не несет ответственности по обязательствам государства.

- 2.6 Банк не несет ответственности по обязательствам Акционера. Акционер, не отвечает по обязательствам Банка и несет риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих ему Акций.

Статья 3.

ЦЕЛИ И ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БАНКА

- 3.1 Банк при наличии лицензии уполномоченного органа по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – Уполномоченный орган) осуществляет банковские и иные операции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
